

# АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫНА 66 ЖЫЛ!

## БІР КӨШЕНІҢ ТАРИХЫ...

1956 жылғы 23 қазанда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі президиумының Арқалық жұмысшылар кентін ашу туралы Қаулысы жарық көрген болатын. Содан бері бұл күн Арқалық қаласының ресми туған күні болып саналады. Атаулы мерекеге орай, біз, қала көшелерінің түрлі есімдермен аталу тарихы жайлы «Бір көшенің тарихы» айдарын ұсынып отырмыз.

## Оразалы Қозыбаев – елге еңбегі сіңген тұлға

Оразалы Қозыбаевтың атындағы көше Арқалық қаласындағы көрікті және маңызды көшелердің бірі. Бұрынғы атауы «Құрылысшылар» (ул. Строителей) көшесі. Тәуелсіздік алғаннан кейін қала көшелерін қазақша атаулармен атап, елге белгілі тұлғалардың есімі берілген уақытта бұл көшеге Торғай өңіріне көп еңбек сіңірген қайраткер, Социалистік еңбек ері Қозыбаев Оразалы Әбілұлының аты берілді (2004 жыл, 22 ақпан, № 40 шешім). Қозыбаев көшесі Е. Қайырбеков көшесінен басталып, Абай даңғылына дейін созылып жатыр.

Оразалы Қозыбаев Кеңестік Қазақстандағы ірі қоғам және шаруашылық қайраткерлерінің бірі. Екінші дүние жүзілік соғысқа қатысқан. 1945–1951 жылдар аралығында комсомол қызметінде болып, 1951 жылдан партия, шаруашылық жұмыстарына ауысты. 1953–1955 ж. Затобол аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, 1955–59 ж.ж. Затобол кеңестері атқару комитетінің төрағасы, 1959–1962 ж.ж. Амангелді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1965–1967 ж.ж. Арқалық аумақтық-өндірістік ауыл шаруашылық басқармасының бастығы, 1965–1967 ж.ж. Арқалық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеді. Оразалы Қозыбаев алпысыншы жылдардың басында Үлкен Торғайдың табиғи байлықтарын игеру туралы ба-



ішінде Торғай өңірінің кең байтақ далаларында ондаған кеңшарлар ұйымдастырылып, Арқалық қаласының құрылысы жандана түсті, боксит кенін игеру қауырт қолға алынды. Осы еңбегі үшін 1967 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын алды. 1967–1975 ж.ж. Қазақстан КП Қостанай облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, 1975–1984 ж.ж. Ақтөбе кеңестері атқару комитетінің төрағасы болып істеді. 1995 ж. «Ардагер жазбалары» кітабы жарық көрген. Оразалы Әбілұлы бірнеше мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Ленин орденімен, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту, екі мәрте Отан соғысы ордендерімен, КСРО ХШЖК-нің Алтын медалымен марапатталған. Оразалы Әбілұлы Қозыбаев 1995 жылы Алматы қаласында өмір-